ЭСЖ сыртқы корпусы соққыға төзімді пластиктен жасалған. Ішкі бактарда ішкі бетін химиялық коррозиядан сенімді қорғайтын арнайы биостеклофарфор жабыны бар. Сыртқы корпус пен ішкі бактың арасындағы кеңістік пенополиуретанмен – үздік жылу сақтау сипаттамаларына ие заманауи, экологиялық таза жылы оқшаулағышпен толтырылған. Бұл үлгілерде екі бұрандалы келтеқұбыр бар: суық судың кірісіне арналған (1-сур., 3 т.) көк сақинамен және ыстық судың шығысына арналған (1-сур., 2 т.) қызыл сақинамен, және суды ағызуға және ішкі бакты жууға арналған қосымша дренаждық келтеқұбырлармен (металл бітеуішпен жабылған) жабдықталған (1-сур., 17 т.). ЭСЖ сыртқы бетінде, барлық үлгілерінде, басқару панелі орналасқан (1-сур., 16 т.).

Алмалы-салмалы фланецте құбырлы электр жылытқыш (ҚЭЖ), термостат және термоажыратқыш датчиктері құрастырылған. ҚЭЖ суды жылытады және $+75^{\circ}\text{C}$ дейін температураны қалыпты реттеуге ие термостатпен басқарылады. Барлық үлгілерде сенсорлық реттеумен электронды басқару бар. Электроника судың температурасын пайдаланушымен қойылған деңгейде автоматты түрде ұстап тұрады. Термоажыратқыш ЭСЖ қызып кетуден сақтау үшін қолданылады және судың температурасы $+95^{\circ}\text{C}$ жоғары көтерілген кезде ҚЭЖ желіден өшіреді (3-сур.).

Аспаптың электр сымбауында ағу кезінде немесе аспаптың жерге тұйықталған элементтеріне қорек кернеуінің бұзылуы кезінде ЭСЖ электр қорегі желісінен өшіруді қамтамасыз ететін ҚӨЖ құрастырылған.

Сақтандырғыш клапан (1-сур., 5 т.) су құбырында қысымның түсуі жағдайында және су қатты ысып кеткен кезде бактағы қысымның артуы жағдайында су жылытқыштан су құбырына судың түсуіне бөгет жасай отырып, кері клапан қызметін, сондай-ақ су қатты ысыған кезде бактағы артық қысымды түсіретін қорғаныс клапанының қызметін атқарады. Су жылытқыш жұмыс істеп тұрған кезде

артық қысымды түсіру үшін сақтандырғыш клапанның сыртқа шығаратын құбырынан су құйылып кетуі мүмкін, бұл су жылытқыштың қауіпсіздігі мақсатында жүзеге асады. Бұл сыртқа шығаратын құбыр атмосфера үшін ашық қалдырылуы және тұрақты төмен қаратылып және қатпайтын қоршаған ортада орнатылуы тиіс.

ЭСЖ құрастыру кезінде тиісті дренажды қарастыра отырып (1-сур., 6 т.), канализацияға сақтандырғыш клапанның (1-сур., 14 т.) сыртқа шығаратын құбырынан судың ағуын қамтамасыз ету қажет.

Өк түнбасын кетіру үшін және клапанның жұмысқа жарамдылығын тексеру үшін сақтандырғыш клапанның сыртқа шығару құбыры арқылы суды аздаған мөлшерін ағызуды тұрақты (айына бір реттен сирек емес) жүзеге асырып отыру қажет. Клапан ашуға арналған тұтқамен жабдықталған (1-сур., 15 т.). ЭСЖ жұмыс істеп тұрған кезде бұл тұтқаның бактан судың ағуын жабатын күйде тұруын қадағалау қажет.

5. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫНЫҢ НҰСҚАУЛАРЫ

ЭСЖ электр қауіпсіздігіне тек электр қондырғыларын құрастырудың қолданыстағы ережелеріне сәйкес орындалған тиімді жерге тұйықтау бар болған жағдайда ғана кепілдік беріледі.

Сантехникалық жеткізу және бекіту арматурасы су құбыры желісінің параметрлеріне сәйкес келулері және қажетті сапа сертификаттары болуы тиіс.

ЭСЖ құрастыру және пайдалану кезінде рұқсат етілмейді:

- егер ЭСЖ сумен толтырылмаған болса, электр қорегін қосуға;
- электр қорегі қосылып тұрған кезде, қорғаныс қақпағын шешіп алуға;
- ЭСЖ жерге тұйықтаусыз пайдалануға;
- ЭСЖ 0,7 МПа жоғары қысыммен су құбыры желісіне қосуға;
- ЭСЖ су құбырына сақтандырғыш клапансыз қосуға ;
- Электр қорегі қосылып тұрған кезде ЭСЖ-дан суды төгуге;
- Өндірушімен ұсынылмаған қосалқы бөлшектерді пайдалануға;
- ЭСЖ аққан суды тамақ дайындау үшін пайдалануға;
- ЭСЖ және сақтандырғыш клапанның жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін механикалық қоспалардан (күм, майда тастар) тұратын суды пайдалануға.
- ЭСЖ кронштейндерінің орнату мөлшерлерін және конструкциясын өзгертуге.

ЭСЖ пайдаланылатын қоршаған ортаның температурасы 3°C тан 40°C дейінгі шекте болуы тиіс. Теріс температура кезінде ЭСЖ-дағы судың қатып қалуы оның істен шығуына әкеледі, бұл кепілдік жағдайы болып табылмайды.



Балалардың ЭСЖ ойнамаулары үшін, балаларға көңіл бөлу керек. ЭСЖ мүмкіндіктері, сезу немесе психикалық қабілеттері шектелген тұлғалардың (балаларды қоса), сондай-ақ ЭСЖ пайдалана алмайтын тұлғалардың пайдалануына арналмаған, тек бұл ЭСЖ қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлғалардың нұсқауларына сәйкес және бақылауымен жүзеге асырылатын жағдайлардан басқа.

Барлық құрастыру, сантехникалық және электр құрастыру жұмыстары білікті қызметкермен жүргізілуі тиіс.

7. ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ОРНАТУ

ЭСЖ орнату корпусында көрсетілген таңбаламаға және келесі кестеге сәйкес жүзеге асырылады:

Таңбалама	Орналастыру
IF 30 (smart)	Тігінен құрастыру, келтеқұбырлар төмен қарай; Көлденеңінен құрастыру, келтеқұбырлар солға қарай
IF 50 (smart)	
IF 80 (smart)	
IF 100 (smart)	

Құбырларда жылудың ысырап болуын азайту үшін ЭСЖ ыстық суды пайдалану орнына барынша жақын жерге орнату ұсынылады.

Қабырғада тесікті бұрғылап тесу (жасау) кезінде қабырғадан өтетін кабельдерді, арналар мен құбырларды есепке алу қажет. Құрастыру орнын таңдау кезінде су толтырылған ЭСЖ жалпы салмағын есепке алу қажет. Жүк көтерімділігі әлсіз қабырға мен еденді нығайту керек.

ЭСЖ қабырғаға бекітілген анкерлердің ілмегіне корпусың кронштейнінен ілінеді. Ілгектерді қабырғаға құрастыру олармен ЭСЖ кронштейндерінің өздігінен қозғалуын болдырмау қажет.

ЭСЖ қызмет көрсету үшін қорғаныс қақпағынан алмалы-салмалы фланецтің осінің бағытында ең жақын бетіне дейін ара қашықтық 30 сантиметрден кем болмауы тиіс – барлық үлгілер үшін;



Ыстық сумен жабдықтау жүйесінің ақаулығы жағдайында тұтынушының және (немесе) үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтіруді болдырмау үшін, ЭСЖ құрастыруды едендерінде гидрооқшаулау және канализацияға дренаж бар үй-жайда жүзеге асыру керек, және қандай жағдай болмасын ЭСЖ астына судың әсеріне ұшырайтын заттарды орналастырмау керек. ЭСЖ қорғалмаған үй-жайларда орналастыру кезінде ЭСЖ астына канализацияға дренажбен қорғаныс түпқоймасын орнату қажет.

ЭСЖ техникалық және кепілдікті қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін қиын қол жететін жерлерге орналастыру жағдайында (антресольдар, қуыстар, төбе арасындағы кеңістіктер және т.б.) ЭСЖ құрастыру және бөлшектеу тұтынушымен өз бетімен, немесе оның есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту: қорғаныс түпқоймасы ЭСЖ жеткізу жиынтығына кірмейді.

8. СУ ҚҰБЫРЫНА ҚОСУ

Көк сақинамен белгіленген суық су кірісіне (1-сур., 3 т.), сақтандырғыш клапанды (1-сур., 5 т.) келген тығыздауыш материалмен қосылыс (зығырмен, ФУМ таспасымен және т.б.) герметикалылығын қамтамасыз ете отырып, 3,5-4 айналымға бұрап, орнату керек.




ЭСЖ сақтандырғыш клапансыз пайдалануға немесе басқа өндірушілердің клапанын пайдалануға тыйым салынады.

ЭСЖ пайдалану кезінде сақтандырғыш клапанының дренаж шүмегінен тамшылардың пайда болғанын байқауға болады (суды жылыту кезінде артық қысымды шығару). Дренаж шүмегіне ылғалды шығару үшін тиісті диаметрмен резеңке немесе силикон түтікті жалғау ұсынылады.

Су құбыры жүйесіне қосу 1-суретке сәйкес мыс, металлпластик немесе пластик құбырлардың көмегімен, сондай-ақ арнайы иілімді сантехникалық жетектің көмегімен жүзеге асырылады. Бұрын қолданыста болған иілімді жетекті пайдалануға тыйым салынады. ЭСЖ-ға суды суық су магистралінде орналастырылған лайұстар-сүзгі (жеткізу жиынтығына кірмейді) арқылы беруге кеңес беріледі.

1-сурет. ЭСЖ су құбырына қосу сұлбасы



1-сурет: 1 – ЭСЖ, 2 – ыстық судың келтеқұбыры, 3 – суық судың келтеқұбыры, 4 – ағызу шұрасы, 5 – сақтандырғыш клапан, 6 – канализацияға дренаж, 7 – жеткізу, 8 – ЭСЖ пайдалану кезінде шұраны жабу, 9 – суық су магистралі, 10 – ыстық су магистралі 11 – суық судың тиекті шұрасы, 12 – ыстық судың тиекті шұрасы, 13 – қорғаныс қақпағы, 14 – сақтандырғыш клапанның сыртқа

шығаратын құбыры, 15– сақтандырғыш клапанды ашуға арналған тұтқа, 16 – басқару панелі.

Қосқаннан кейін су жылытқыштан ауа ағынын қамтамасыз ету үшін ЭСЖ суық судың кранын (1-сур., 11 т.), араластырғыштағы ыстық судың кранын (1-сур., 12т.) ашыңыз. ЭСЖ соңғы толтыру кезінде араластырғыш кранынан үздіксіз су ағыны ағады. Араластырғыштағы ыстық су кранын жабыңыз.

ЭСЖ су құбырымен жабдықталмаған жерлерде қосу кезінде, ЭСЖ-ға суды сорғы станциясын пайдалана отырып, қосымша сыйымдылықтан, немесе ЭСЖ жоғарғы нүктесінен 5 метрден кем емес биіктікте орналасқан сыйымдылықтан беруге рұқсат етіледі.

Ескерту: пайдалану барысында ЭСЖ қызмет көрсетуді жеңілдету үшін ағызу шұрасын (1-сур., 4т.) 1-суретке сәйкес орнату ұсынылады (ағызу келтеқұбырларымен жабдықталмаған үлгілер үшін (ЭСЖ жеткізу жиынтығына кірмейді)).

Егер су құбырындағы қысым 0,7 МПа жоғары болатын болса, онда ЭСЖ алдындағы кірісінде судың қысымын нормаға дейін төмендету үшін редукциялық клапанды орнату қажет (ЭСЖ жеткізу жиынтығына кірмейді).

9. ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ ҚОСУ



Электр қорегін қосар алдында, ЭСЖ сумен толтырылғанына көз жеткізіңіз.

ЭСЖ ашасы және ҚӨҚ (опционды) бар электр қорегінің штаттық сымбауымен жабдықталған.


Розеткада жерге тұйықтау клеммасы болуы және ылғалдан қорғалған жерде орналастырылуы тиіс.

Аспаптың қуаты 2000 Вт құрайды. Розетка және оған қосылған электр сымы 2000Вт кем емес номиналды қуатқа есептелуі тиіс.

Ашаны розеткаға қосу (егер ЭСЖ опционды түрде ҚӨҚ жабдықталған, ҚӨҚ орналасқан түймешікті басу).

10. ПАЙДАЛАНУ

2-сурет. Электронды басқару панелі



2-сурет: 1 – «On/Off» қосу/өшіру түймешігі, 2 – «Temperature» жылыту температурасын көбейту/азайту түймешігі, 3 – жылыту температурасының индикаторлары (55°C, 65°C, 75°C), 4 – «Smart» ақылды режим түймешігі, 5 – «Alarm» апаттық сигнализация индикаторы.

ЭСЖ қосу/өшіру басқару панеліндегі «On/Off» түймешігімен жүзеге асырылады (2-сур., 1 т.).

ЭСЖ пайдалану барысында тұтынушы «Temperature» түймешігінің көмегімен жылыту температурасын реттей алады (2-сур., 2 т.). Мақсатты температура ретінде келесі мәндер таңдалулары мүмкін: 55°C, 65°C, 75°C (2-сур., 3 т.). Сіз температураны таңдаған кезде, жылыту температурасының индикаторы бес рет жыпылықтайды, содан кейін жұмыс күйіне ауысады. Судың температурасы төменде қойылған температурадан төмен болатын кезде, ЭСЖ суды жылытады, ал жылыту температурасының индикаторы жыпылықтайды. Судың температурасы қойылған температураға жеткен кезде, жылыту температурасының индикаторы тұрақты жанып тұрады. Су жылытқыш қосылған кезде мақсатты температура әдепкі бойынша 65 °C құрайтын болады.

«Smart» ақылды режим түймешігінің көмегімен (2-сур., 4 т.) ЭСЖ жұмысының зияткерлік режимін қосуға болады. Бұл режимінің жұмысы кезінде ЭСЖ пайдаланушылардың ыстық суды пайдалану әдеттерін зерттей және жаза алады және судың келесі циклы үшін ыстық суды алдын ала дайындай алады (циклда 7 күн). Пайдаланушыларға ыстық су қажет болмайтын кезеңде, суды ең төменгі температурада ұстап тұрады. Осылайша, жайлылыққа және энергияны үнемдеуге қол жеткізуге болады. Бұл режим ыстық суды тұрақты қолданатын пайдаланушылар үшін қолданылады. Бұл режимді қосу үшін «Smart» ақылды режимінің түймешігін басңыз. Режимнен шығу үшін осы түймешікті қайтадан басыңыз немесе ЭСЖ өшіріңіз.

«NOFROST» қатып қалудан қорғау режимі. ЭСЖ желіге қосылған, бірақ «On/Off» түймешігінің көмегімен өшірілген болса, ал судың температурасы 5 °C аз болатын болса, қатып қалудан қорғау режимі автоматты түрде қосылады. Судың температурасы 10 °C жеткен кезде, қатып қалудан қорғау режимі автоматты түрде өшеді. Қатып қалудан қорғау режимі қосылатын кезде, қосу индикаторы жанады.

Егер ЭСЖ пайдалану кезінде ҚӨҚ (опционалды жеткізіледі) іске қосылатын болса, оны жұмыс күйіне қайта орнату үшін ҚӨҚ түймешігін басу қажет. Егер бұл ретте ҚӨҚ қайталап іске қосылатын болса, оның іске қосылу себебін жою үшін сервис қызметінің маманын шақыру қажет.

Егер сіз ЭСЖ қыс кезінде пайдаланбайтын болсаңыз және су магистралінің және су жылытқыштың өзінің қатып қалуы мүмкін болатын болса, қорегін өшіру және ішкі бактың зақымдануын болдырмау үшін ЭСЖ-дан суды ағызып тастау керек.

11. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ТҚ мерзімді жүргізу және магний анодын уақытылы ауыстыру ЭСЖ ұзақ уақыт жұмыс істеуі үшін міндетті шарттар болып табылады. Бұл талаптарды орындамау ЭСЖ кепілдікті қызмет көрсетуден алып тастау үшін негіздеме болып табылады. Техникалық қызмет көрсету және магний анодын ауыстыру дайындаушының кепілдікті міндеттемелеріне кірмейді.

ТҚ жүргізу кезінде магний анодының жай-күйі және ҚЭЖ қақтың болуы тексеріледі. Онымен бірге бір уақытта ЭСЖ төменгі бөлігінде жиналып қалуы мүмкін тұнба тазартылады.

Магний анодын 2 жылда бір реттен сирек емес ауыстыру қажет. Егер судың құрамында химиялық қоспалардың көп мөлшері болатын болса, онда магний анодын жиі ауыстыру қажет. ҚЭЖ қақтың түзілуі оның істен шығуына әкелуі мүмкін, бұл кепілдік жағдайы болып табылмайды, және оны ауыстыру дайындаушының және сатушының кепілдік міндеттемесіне кірмейді. Егер ҚЭЖ қақ түзілетін болса, онда оны қақты кетіруге арналған құралдың көмегімен, немесе механикалық жолмен жоюға болады. ЭСЖ-дан тұнбаны жою кезінде, ішкі бактың қорғаныс қабатын зақымдамау үшін, шамадан артық күш салуға және абразивті тазарту құралдарын қолдануға болмайды.

Бірінші техникалық қызмет көрсетудің маңыздылығы қақтың және тұнбаның түзілу қарқындылығы, магний анодының шығыны кейінгі ТҚ өткізу мерзімін аяқтауға болатындығынан, және осыған сәйкес ЭСЖ пайдалану мерзімін созудан тұрады. Жоғарыда аталған талаптарды орындамау кезінде, ЭСЖ пайдалану мерзімі қысқартылады, ЭСЖ істен шығу ықтималдылығы артады, және кепілдікті міндеттемелердің қолданылуы тоқтатылады.



ҚЭЖ қақтың жиналып қалуы оның зақымдануына себеп болуы мүмкін.

Ескерту: Қақтың түзілуінің салдарынан ҚЭЖ зақымдануы кепілдікті міндеттемелердің әрекетіне жатпайды. Тұрақты техникалық қызмет көрсету дайындаушы мен сатушының кепілдікті міндеттемелеріне кірмейді.

ТҚ жүргізу үшін келесі аталғандарды орындау қажет:

- ЭСЖ электр қорегін өшіру;
- ыстық суды суыту немесе оны араластырғыш арқылы ағызу;
- ЭСЖ-ға суық судың берілуін жабу;
- сақтандырғыш клапанды бұрап шығару немесе ағызу шұрасын ашу;
- суық суды беру келте құбырына немесе ағызу шұрасына оның екінші ұшын канализацияға бағыттай отырып, резеңке шлангты кигізу;
- араластырғыштағы ыстық судың кранын ашу және ЭСЖ-дан суды шланг арқылы канализацияға ағызу;
- қорғаныс қақпағын шешіп алу, сымды ажырату, бактардан тірек фланецтерді бұрап шығару және шығарып алу;
- қажетіне қарай ҚЭЖ қақтан тазарту және бактан тұнбаларды тазарту;
- құрастыруды жүзеге асыру, ЭСЖ сумен толтыру және қоректі қосу.

Дренаждық келтеқұбырлары бар үлгілерде ЭСЖ-ға суық судың берілуін жабу, дренаждық келтеқұбырдағы бітеуішті бұрау және ыстық су кранын ашу жеткілікті. Су ағып біткеннен кейін, бакты қосымша жуу үшін ЭСЖ-ға суық суды беруді біраз уақытқа ашуға болады.


ЭСЖ техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру кезінде мамандандырылған ұйымның күшімен сервис талонында тиісті белгі жасалуы тиіс.

12. ЫҚТИМАЛ АҚАУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

Ақау	Ықтимал себебі	Жою тәсілі
ЭСЖ-дан ыстық су арыны азайған. Суық судың арыны бұрынғыдай.	Сақтандырғыш клапанның сыртқа шығару тесіктері ластанған Засорение	Клапанды шығарып алу және оны суда жуу керек
Жылыту уақыты көбейіп кеткен	ТЭЖ қақ тұрып қалған	Фланецті шығарып алу және ТЭЖ тазалау керек
	Электр желісіндегі кернеу төмендеген	Электр желісін пайдалану қызметіне хабарласу керек
Термоажырату түймешігі жиі іске қосылады	Орнатылған температура шекті температураға жақын	«Temperature» түймешігінің көмегімен температураны азайту
	Термостаттың түтігіне қақ тұрып қалған	ЭСЖ-дан тірек фланецін шығарып алу және түтікті қақтан абайлап тазарту керек
ЭСЖ жұмыс істейді, бірақ суды жылытпайды	Шұра жабылмаған немесе істен шыққан (1-сур., 8 т.)	Шұраны жабу немесе ауыстыру керек (1-сур., 8 т.)
Электр желісіне қосылған ЭСЖ суды жылытпайды. Басқару панелінде индикация жоқ.	1)ҚӨҚ іске қосылған (бар болған жағдайда); 2)электр желісінде кернеу жоқ; 3) желілік сым зақымданған.	1) ҚӨҚ түймешігін басу керек; 2) Электр розеткасында кернеудің болуын тексеріңіз; 3) Мамандандырылған сервис орталығына хабарласыңыз.

Жоғарыда аталған ақаулар ЭСЖ ақаулары болып табылмайды және тұтынушымен өз бетімен немесе өз есебінен жойылады.

3-сурет. Термоажыратқыш түймешігінің орналасу сұлбасы



Ішкі ақау пайда болған жағдайда, су жылытқыш өшіп тұрған кезде, «Alarm» апаттық сигнал индикациясы дабыл сигналын жібереді. Сигналдар бойынша ақпарат төменде кестеде берілген:

Индикация	Ықтимал себебі	Жою тәсілі
Индикатор барлық уақытта жанып тұрады	Судың температурасы 88°C асып кеткен	ЭСЖ желіден өшіру және қайтадан қосу керек, және судың температурасы 88°C, аз болатын кезде, индикация тоқтайды
Индикатор жыпылықтайды (жиілігі 1 секунд)	Термостат ақаулы	Термостатты ауыстыру үшін сервис орталығына хабарласыңыз
Индикатор жыпылықтайды (жиілігі 4 секунд)	Бактың ішінде су жоқ, ал жылыту элементі қосылған	Бактың сумен толтырылғанына көз жеткізіңіз. Егер жылыту элементі күйіп кеткен болса, жылыту элементін ауыстыру үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

13. ЭЛЕКТР СУ ЖЫЛЫТҚЫШТАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

Электр су жылытқыштарды тасымалдау және сақтау орамындағы манипуляциялық белгілерге сәйкес жүзеге асырылады:



– Жүкті ылғалдың әсерінен қорғау қажеттілігі



– Жүктің нәзіктілігі, абайлап қолдану шарты



– Жүкті сақтаудың ұсынылатын температуралық диапазоны: +10°C бастап +20°C дейін



– Жүктің дұрыс тігінен орналасуы;

14. КӨДЕГЕ АСЫРУ

ЭСЖ орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету ережелерін сақтау кезінде және пайдаланылатын судың сапасының қолданыстағы стандартқа сәйкес келуі кезінде дайындаушы ЭСЖ сатып алу күнінен бастап оған 9 жыл жұмыс істеу мерзімін белгілейді.

ЭСЖ көдеге асыру кезінде жергілікті экологиялық заңдар мен ұсыныстарды сақтау қажет.

Дайындаушы ЭСЖ конструкциясы мен сипаттамаларына алдын ала хабарлаусыз өзгертулер енгізу құқын өзіне қалдырады.

15. ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ КЕПІЛДІГІ

Дайындаушы су жылытқышқа 2 жыл кепілдік мерзімін белгілейді, бұл ретте бұйымның құрамдас бөлшектері мен жиынтықтаушыларына кепілдік мерзімі төмендегідей:

- су тұратын сыйымдылыққа (ішкі бак) - 5 жыл;
- басқа құрамдас бөлшектеріне (жылытқыш элементі, термостат, индикатор-шамдар, тығыздауыш аралық төсемдер, температура индикаторлары, ҚӨҚ, сақтандырғыш клапан) - 2 жыл.

Кепілдік мерзімі ЭСЖ сату күнінен бастап есептеледі. Сату күні және дүкеннің мөртабаны болмаған немесе түзетілген жағдайда, кепілдік мерзімі ЭСЖ шығару күнінен бастап есептеледі. Бұйымды шығару күні бұйымның корпусында төменгі бөлігінде орналасқан сәйкестендіру тақташасында бірегей сериялық нөмірде кодталған. Бұйымның сериялық нөмірі он үш саннан тұрады. Сериялық нөмірдің үшінші және төртінші саны – шығарылған жылы, бесінші және алтыншы – шығарылған айы, жетінші және сегізінші – ЭСЖ шығарылған күні. Кепілдік мерзімі ішінде наразылықтар сатушы-фирманың белгілерімен осы нұсқаулық және ЭСЖ корпусында сәйкестендіру тақташасы болған жағдайда қабылданады.

Кепілдік тек ЭСЖ ғана қолданылады. Сақтандырғыш клапанның немесе ҚӨҚ қорек сымбауының ақаулығы ЭСЖ ақаулығы болып табылмайды және ЭСЖ ауыстыруды болдырмайды. Орнату және қосу ережелерін сақтау үшін жауапкершілік сатып алушыға (өз бетімен қосу жағдайында) немесе қосуды жүзеге асырған құрастыру ұйымына жүктеледі.

ЭСЖ орнату және пайдалану кезінде тұтынушы аспаптың кепілдік мерзімі ішінде тоқтаусыз жұмысын қамтамасыз ететін талаптарды сақтауға міндетті:

- берілген нұсқаулықта мазмұндалған орнату, қосу, пайдалану және қызмет көрсету ережелері мен қауіпсіздік шараларын орындауға;
- ұқыпсыз сақтаудан, тасымалдаудан және құрастырудан механикалық зақымдануларды болдырмауға
- ЭСЖ-да судың қатып қалуын болдырмауға;
- ЭСЖ-да жылыту үшін механикалық және химиялық қоспаларсыз суды пайдалануға (5 т.қара.);
- ЭСЖ жеткізу жиынтығынан ақаусыз жұмыс істейтін сақтандырғыш клапандармен ЭСЖ пайдалануға (5 т. қара).

Дайындаушы тұтынушымен берілген нұсқаулықта мазмұндалған ЭСЖ орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету ережелерін бұзу салдарынан туындаған ақаулар үшін, оның ішінде бұл ақаулар ЭСЖ пайдаланылатын желілердің (электр және сумен жабдықтау) рұқсат етілмейтін параметрлерінің салдарынан, және үшінші тұлғалардың араласуының салдарынан туындаған жағдайларда, жауапкершілікті көтермейді. ЭСЖ сыртқы түрі бойынша наразылықтарға дайындаушының кепілдігі қолданылмайды.

Кепілдік мерзімі ішінде құрамдас бөлшектерін және жиынтықтаушыларын жөндеу, ауыстыру жалпы ЭСЖ кепілдік мерзімін ұзартпайды. Ауыстырылған немесе жөнделген жиынтықтаушыларына кепілдік мерзімі бір айды құрайды.

Дайындаушы:

THERMEX heating Technology (Jiangmen) CO., Ltd

No. 51, Jianshedonglu, Taoyuan town, Heshan City, Guangdong Province, PRC



Барлық үлгілері міндетті сертификаттаудан өткен және Кеден Одағының TP TC 004/2011, TP TC 020/2011 Техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді

Ресей Федерациясында сапасы бойынша наразылықты қабылдайтын сатушы ұйымның атауы және орналасқан жері:

«Торговый дом ТЕРМЕКС» ЖШҚ 187000, Ресей, Ленинград облысы, Тосно қ., Красная набережная к-сі, 21а үй, лит. А, тел.: (812) 313-32-73

Ресей Федерациясындағы кепілдік және сервистік қолдау көрсету қызметі:

Тел.: 8-800-333-50-77

(дүйсенбі — жұма 09:00 бастап 20:00 дейін; сенбі, жексенбі 10:00 бастап 18:00 дейін москва уақыты бойынша; Ресей бойынша қоңырау шалу тегін), e-mail: service@thermex.ru

Бас сервис орталығы (ЭСЖ орнату және қосу, кепілдікті және кепілдіктен кейінгі жөндеулер):

Ресей, 196105, Санкт-Петербург қ., Благодатная к-сі, 63 үй, тел.: (812) 313-32-73

Ресейдің басқа қалаларындағы және аймақтарындағы авторландырылған сервис орталықтарының телефондары мен мекенжайларын www.thermex.ru сайтынан білуге болады немесе сатушы фирмамен көрсетілген сервис орталығына хабарласуға болады.

Басқа елдерде сапасы бойынша наразылықты қабылдайтын сатушы ұйымның, импорттаушылардың атауы және орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы:

«Термекс Сары-Арка» ЖШС

M02D7P8, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ат. аудан, Складская к-сі, 15 үй. Тел.: 8(7212) 51 28 89

Молдова Республикасы:

ICS "Thermex MLD" SRL

R.Moldova, MD-2002 Mun.Chisinau, str.Cetatea Alba 17 tel.+373(22) 56-96-63

Молдовадағы сервис-орталығы:

“RE-SERVE” S.R.L.

R.Moldova, MD-2001 Mun. Chisinau, bd. Gagarin, 16 tel: +373 (22) 54-54-74.

Беларусь Республикасы:

«АКВАТЕРМЕКС» Біртұтас сауда кәсіпорны

220029, Минск қ., Куйбышев к-сі, 22 үй, 6 қ, 202Б к.

Телефондары: +375 17 3 800 200, +375 44 739-23-55

БР кепілдік және сервистік қолдау көрсету қызметі: +375 17 284-89-03

Украина

ТОВ «Термекс»

58032, м. Чернівці, Україна, вул. Головна, 246тел.: +38-0372-583-200


17. САТУ ТУРАЛЫ БЕЛГІ

Үлгі _____ Сериялық № _____

Сату күні « _____ » _____ 201 _____ ж.

Сатушы-фирма: _____

Сатушы-фирманың
өкілінің қолтаңбасы _____



Бұйым жиынтықталған, бұйымның сыртқы түріне наразылығым жоқ. Қажетті белгілерімен пайдалану бойынша нұсқаулықты алдым, пайдалану ережелерімен және кепілдік шарттарымен таныстым және келісемін.

Сатып алушының қолтаңбасы: _____

**ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН / КЕПЛДІК ТАЛОНЫ / ГАРАНТІЙНИЙ ТАЛОН 1**

Модель / Үлгі / Модель		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі / Печатка фірми-продавця
Серийный номер / Сериялық нөмірі / Серійний номер		
Дата продажи / Сату күні/ Дата продажу		
Фирма продавец / Сатушы фирма / Фірма продавець		

Заполняется фирмой продавцом / Сатушы фирмамен толтырылады / Заповнюється фірмою продавцем

**ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН / КЕПЛДІК ТАЛОНЫ / ГАРАНТІЙНИЙ ТАЛОН 2**

Модель / Үлгі / Модель		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі / Печатка фірми-продавця
Серийный номер / Сериялық нөмірі / Серійний номер		
Дата продажи / Сату күні/ Дата продажу		
Фирма продавец / Сатушы фирма / Фірма продавець		

Заполняется фирмой продавцом / Сатушы фирмамен толтырылады / Заповнюється фірмою продавцем

**ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН / КЕПЛДІК ТАЛОНЫ / ГАРАНТІЙНИЙ ТАЛОН 3**

Модель / Үлгі / Модель		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі / Печатка фірми-продавця
Серийный номер / Сериялық нөмірі / Серійний номер		
Дата продажи / Сату күні/ Дата продажу		
Фирма продавец / Сатушы фирма / Фірма продавець		

Заполняется фирмой продавцом / Сатушы фирмамен толтырылады / Заповнюється фірмою продавцем

**ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН / КЕПЛДІК ТАЛОНЫ / ГАРАНТІЙНИЙ ТАЛОН 4**

Модель / Үлгі / Модель		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі / Печатка фірми-продавця
Серийный номер / Сериялық нөмірі / Серійний номер		
Дата продажи / Сату күні/ Дата продажу		
Фирма продавец / Сатушы фирма / Фірма продавець		

Заполняется фирмой продавцом / Сатушы фирмамен толтырылады / Заповнюється фірмою продавцем



Дата приема / Қабылдау күні / Дата прийому		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі / Печатка фірми-продавця
Дата выдачи / Берілген күні / Дата видачі		
Дефект / Ақау / Дефект		
Выполненная работа / Орындaлған жұмыс / Виконана робота		
Мастер (Ф.И.О) / Мастер (Т.А.Ә.) / Майстер (П.І.Б)		

Заполняется сервисным центром/ Сервис орталығымен толтырылады / Заповнюється сервісним центром

Дата приема / Қабылдау күні / Дата прийому		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі / Печатка фірми-продавця
Дата выдачи / Берілген күні / Дата видачі		
Дефект / Ақау / Дефект		
Выполненная работа / Орындaлған жұмыс / Виконана робота		
Мастер (Ф.И.О) / Мастер (Т.А.Ә.) / Майстер (П.І.Б)		

Заполняется сервисным центром/ Сервис орталығымен толтырылады / Заповнюється сервісним центром

Дата приема / Қабылдау күні / Дата прийому		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі / Печатка фірми-продавця
Дата выдачи / Берілген күні / Дата видачі		
Дефект / Ақау / Дефект		
Выполненная работа / Орындaлған жұмыс / Виконана робота		
Мастер (Ф.И.О) / Мастер (Т.А.Ә.) / Майстер (П.І.Б)		

Заполняется сервисным центром/ Сервис орталығымен толтырылады / Заповнюється сервісним центром

Дата приема / Қабылдау күні / Дата прийому		Печать фирмы продавца / Сатушы фирманың мөрі / Печатка фірми-продавця
Дата выдачи / Берілген күні / Дата видачі		
Дефект / Ақау / Дефект		
Выполненная работа / Орындaлған жұмыс / Виконана робота		
Мастер (Ф.И.О) / Мастер (Т.А.Ә.) / Майстер (П.І.Б)		

Заполняется сервисным центром/ Сервис орталығымен толтырылады / Заповнюється сервісним центром